

ISSN (Print)2616-6887
ISSN (Online) 2617-605X

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы

POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES.
TURKOLOGY Series

Серия **ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ.**
ТҮРКОЛОГИЯ

№ 1 (126)/2019

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нур-Султан, 2019
Nur-Sultan, 2019

Бас редакторы
Нуртазина Р.А.
с.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары
Бас редактордың орынбасары

Нечаева Е.Л., с.ғ.к., проф. (Қазақстан)
Әбішева М.М., т.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Редакция алқасы

Абжаппарова Б.Ж.	т.ғ.д. (Қазақстан)
Азмуханова А.М.	т.ғ.к. (Қазақстан)
Анар Сомунгуоглу	доцент (Түркия)
Әбдуәлиұлы Б.	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Әлібекұлы А.	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Әлиева С.К.	т.ғ.к., проф. (Қазақстан)
Бирюков С.В.	с.ғ.д., проф. (Ресей)
Габдулина Б.А.	т.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Грегори Глиссон	PhD д-ры, проф. (Германия)
Дәркенов К.Г.	т.ғ.к. (Қазақстан)
Дронзина Т.	с.ғ.д., проф. (Болгария)
Дүйсембекова М.К.	с.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Жолдыбалына А.С.	PhD д-ры, доцент (Қазақстан)
Жолдасбекова А.Н.	с.ғ.к., проф. (Қазақстан)
Звонарева Л.У.	т.ғ.д., проф. (Ресей)
Зимони Иштван	проф. (Венгрия)
Ибраев Ш.	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ирфан Шахзад	PhD д-ры (Пакистан)
Каиржанов А.К.	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Кайыркен Т.З.	т.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Кожирова С.Б.	с.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Конкобаев К.	ф.ғ.к., проф. (Қырғыз Республикасы)
Копежанова Д.Е.	PhD д-ры, доцент (Қазақстан)
Ласлу Марац	PhD д-ры, проф. (Нидерланды)
Мандана Тишехьяр	PhD д-ры (Иран)
Невская И.А.	PhD д-ры (Германия)
Нұрбаев Ж.Е.	т.ғ.к. (Қазақстан)
Октай Танрисев	PhD д-ры, проф. (Түркия)
Оспанова А.Н.	PhD д-ры, доцент (Қазақстан)
Пунит Гаур	PhD д-ры, проф. (Индия)
Пауло Ботта	PhD д-ры, проф. (Аргентина)
Рыстина И.С.	PhD д-ры (Қазақстан)
Сейт Али Авджу	PhD д-ры (Түркия)
Сомжүрек Б.Ж.	т.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Тәштемханова Р.М.	т.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хасрет Чомак	PhD д-ры, проф. (Түркия)
Шаймердинова Н.Г.	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 349 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-434)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: Е.А. Изтелеуова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР, АЙМАҚТАНУ, ШЫҒЫСТАНУ, ТҮРКІТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 25.05.18 ж. № 17125-

Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500

(ішкі 31-434)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Roza Nurtazina
Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief
Deputy Editor-in-Chief

Yelena Nechayeva, Can. of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Madina Abisheva, Can. of Historical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Bekzhan Abdualiuly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Bibikhadisha Abzhapparova	Doctor of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aiman Azmukhanova	Can. of Historical Sciences (Kazakhstan)
Akzhigit Alibekuly	Can. of Philology, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Saule Aliyeva	Can. of Historical Sciences, Prof (Kazakhstan)
Anar Somuncuoglu	Assoc.Prof. (Turkey)
Sergey Biryukov	Doctor of Political Sciences, Prof.(Russia)
Kurmangali Darkenov	Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Tatyana Dronzina	Doctor of Political Sciences, Prof.(Bulgaria)
Maira Dyussebekova	Can. of Political Sciences, Assoc.Prof.(Kazakhstan)
Bagysh Gabdulina	Can. of Historical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Gregory Glisson	PhD, Prof. (Germany)
Hasret Çomak	PhD, Prof. (Turkey)
Shakir Ibrayev	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Irfan Shahzad	PhD (Pakistan)
Abai Kairzhanov	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Tursynkhan Kaiyrken	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Kadyraly Konkobayev	Can. of Philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Svetlana Kozhirova	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Danagul Kopezhanova	PhD, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
László Marác	PhD, Prof. (Netherlands)
Mandana Tishehyar	PhD in International Studies (Iran)
Irina Nevskaya	PhD (Germany)
Zhaslan Nurbayev	Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan),
Aigerim Ospanova	PhD, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Oktay Tanrisever	PhD, Prof. (Turkey)
Punit Gaur	PhD, Prof. (India)
Paulo Botta	PhD, Prof. (Argentina)
Indira Rystina	PhD (Kazakhstan)
Seyit Ali Avcu	PhD (Turkey)
Baubek Somzhurek	Can. of Historical Sciences, Assoc.Prof.(Kazakhstan)
Raihan Tashtemkhanova	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Nurila Shaymerdinova	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Akbota Zholdasbekova	Can. of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Alua Zholdybalina	PhD, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Lola Zvonareva	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Russia)
Zimonyi István	Prof. (Hungary)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.349, Nur-Sultan city, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-434)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Responsible secretary, computer layout: Yelena Izteleuova

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan

Registration certificate No. 17125-Ж from 25.05.2018

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31-434)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор
Нуртазина Р.А.
д.полит.н., проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора
Зам. главного редактора

Нечаева Е.Л., к.полит.н., проф. (Казахстан)
Абишева М.М., к.ист.н., доцент (Казахстан)

Редакционная коллегия

Абдуалиулы Б.	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Абжаппарова Б.Ж.	д.ист.н. (Казахстан)
Азмуханова А.М.	к.ист.н. (Казахстан)
Алибекулы А.	к.ф.н., доцент (Казахстан)
Алиева С.К.	к.ист.н., проф. (Казахстан)
Анар Сомунгуоглу	доцент (Турция)
Бирюков С.В.	д.полит.н., проф. (Россия)
Габдулина Б.А.	к.ист.н., доцент (Казахстан)
Грегори Глиссон	д-р PhD, проф. (Германия)
Даркенов К.Г.	к.и.н. (Казахстан)
Дронзина Т.	д.полит.н., проф. (Болгария)
Дюсембекова М.К.	к.полит.н., доцент (Казахстан)
Жолдыбалина А.С.	д-р PhD, доцент (Казахстан)
Жолдасбекова А.Н.	к.полит.н., проф. (Казахстан)
Звонарева Л.У.	д.ист.н., проф. (Россия)
Зимони Иштван	проф. (Венгрия)
Ибраев Ш.	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ирфан Шахзад	д-р PhD (Пакистан)
Каиржанов А.К.	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Кайыркен Т.З.	д.ист.н., проф. (Казахстан)
Кожирова С.Б.	д.полит.н., проф. (Казахстан)
Конкобаев К.	к.ф.н., проф. (Кыргызстан)
Копежанова Д.Е.	д-р PhD, доцент (Казахстан)
Ласлу Марац	д-р PhD, проф. (Нидерланды)
Мандана Тишехьяр	д-р PhD (Иран)
Невская И.А.	д-р PhD (Германия)
Нурбаев Ж.Е.	к.и.н. (Казахстан)
Октай Танрисевер	д-р PhD, проф. (Турция)
Оспанова А.Н.	д-р PhD, доцент (Казахстан)
Пунит Гаур	д-р PhD, проф. (Индия)
Пауло Ботта	д-р PhD, проф. (Аргентина)
Рыстина И.С.	д-р PhD (Казахстан)
Сент Али Авджу	д-р PhD (Турция)
Сомжурек Б.Ж.	к.ист.н., доцент (Казахстан)
Таштемханова Р.М.	д.ист.н., проф. (Казахстан)
Хасрет Чомак	д-р PhD, проф. (Турция)
Шаймердинова Н.Г.	д.ф.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 349

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-434)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: Е.А. Изтелеуова

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.
Серия: ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан
Регистрационное свидетельство № 17125-Ж от 25.05.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31-434)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР

<i>Азмуханова А., Баспақ Т.</i> Еуропалық және қазақстандық академиялық ұтқырлықтың салыстырмалы талдауы.....	8
<i>Арын Е.М.</i> Қазақстандағы қоғамдық сананы жаңғыртудың әлеуметтік-саяси басымдылықтары...	18
<i>Ермекбаев А.А.</i> Ресейдің сыртқы саясатындағы Қара теңіз аймағы.....	26
<i>Жанбулатова Р.С., Дюсембекова М.К.</i> Бірыңғай экономикалық кеңістік форматындағы Қазақстан-Ресей шекара маңы: қазіргі жағдайы және болашағы.....	34
<i>Жанпейісова Қ.Д., Калиаскарова Г.Б.</i> Қазақстан жастарының интеллектуалды миграция жағдайы: саяси талдау.....	45
<i>Жасұзақов С.Ә.</i> Қазақстан Республикасының ҰҚКҰ аясындағы әскери ынтымақтастығы.....	54
<i>Каппасова Г.М.</i> Қазақстан Республикасында көші-қон процесстері дамуының саяси алғышарттары.....	60
<i>Қожбанхан Е.К., Калдыбекова А.Д.</i> Идеологиялық гегемония қалыптасуында интеллектуалдардың маңыздылығы.....	69
<i>Турунтаева А.А., Камытбекова А.Б.</i> «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы шеңберінде ҚХР-ң Орталық Азия елдеріндегі саясаты.....	76
<i>Ықласова А.Ы.</i> Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығының дамуы.....	86

АЙМАҚТАНУ

<i>Исалиева А.М., Тұрханова Ә.Ж.</i> Қазақстан Республикасы мен Парсы шығанағы елдері арасындағы ынтымақтастық: конструктивистік көзқарас.....	92
--	----

ШЫҒЫСТАНУ

<i>Әбішева М.М., Қурбанбаева А.М.</i> «Та'ароф» - ирандық менталитеттің басты қыры.....	100
<i>Ахметова С.З.</i> Корея Республикасының жаһандық басқарудағы рөлі: G20-дағы Оңтүстік Корея бастамалары.....	109
<i>Қайыркен Т.З.</i> Қытай деректері мен көне түркі мәтіндерінің бірін бірі толықтыруы.....	118
<i>Майкибаева А.К., Ильясова К.М.</i> Қазақстан Республикасының Оңтүстік Кореямен ынтымақтастығының басым бағыттары мен болашағы.....	131
<i>Нуридденова А.К.</i> Қытайдың сыртқы саясатындағы жаңа кезең: «тағдыры ортақ жаһандық қауымдастық» тұжырымдамасы.....	139
<i>Тастамбекова Т.М.</i> Израильдің конвенционалды емес қаруы: себептері мен салдары.....	148

ТҮРКІТАНУ

<i>Абдрасимова А.Е., Жиембай Б.С.</i> Қазақстан Республикасындағы түрік диаспоралары тіліндегі қазақ және орыс тілінен енген кірме сөздер.....	157
<i>Кадримбетова Н.Н.</i> Қазақстандағы тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау мәселелері.....	163
<i>Калдыбаев М.С.</i> Түркі халықтарының жерлеу және мемориалдық ғимараттарының антропоморфизмі.....	170
<i>Қосыбаев М.М., Қосыбаева А.М.</i> «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішіндегі тұрмыстық атаулар.....	177
<i>Шаймердинова Н.Г., Невская И.А.</i> Қыпшақ және оғыз тілдерінің даму тарихының кейбір аспектілері.....	184

CONTENTS

POLITICAL SCIENCE

<i>Azmukhanova A., Baspak T.</i> Comparative analysis of European and Kazakh academic mobility	8
<i>Aryn Y.M.</i> Social and Political Priorities of Modernization public consciousness in Kazakhstan.....	18
<i>Yermekbayev A.</i> Black Sea region in Russian foreign policy.....	26
<i>Zhanbulatova R.S., Dyussembekova M.K.</i> Kazakh-Russian border area in the format of the common economic space: current state and prospects.....	34
<i>Zhanpeiisova K.D., Kaliaskarova G.B.</i> The state of intellectual migration of young people in Kazakhstan: political analysis.....	45
<i>Zhasuzakov S.A.</i> Military cooperation of the Republic of Kazakhstan in the framework of the CSTO.....	54
<i>Kappasova G.M.</i> Political prerequisites of development of migration processes in the Republic of Kazakhstan.....	60
<i>Kozhankhan E.K., Kaldybekova A.D.</i> The importance of intellectuals in the formation of ideological hegemony.....	69
<i>Turuntayeva A., Kamytbekova A.</i> PRC Policy in Central Asia within the Silk Road Economic Belt Project.....	76
<i>Yklassova A.Y.</i> Development of trade and economic cooperation between Kazakhstan and China.....	86

REGIONAL STUDIES

<i>Issaliyeva A.M., Turkhanova A.J.</i> The interactions between the Republic of Kazakhstan and the countries of the Persian Gulf: the constructivist approach.....	92
---	----

ORIENTAL STUDIES

<i>Abisheva M.M., Kurbanbaeva A.M.</i> «Ta'arof» is the main aspect of the Iranian mentality.....	100
<i>Akhmetova S.Z.</i> The role of the Republic of Korea in global governance: South Korean initiatives in the G20.....	109
<i>Kaiyrken T.Z.</i> Mutual complementarity of Chinese sources and ancient Turkic texts.....	118
<i>Maikibayeva A., Ilyassova K.</i> Priority directions and prospects of cooperation of the Republic of Kazakhstan with South Korea.....	131
<i>Nuriddenova A.K.</i> A New Era in the Foreign Policy of China: Concept of “Community of Common Destiny”.....	139
<i>Tastambekova T.M.</i> Non-conventional weapon in Israel: causes and effects.....	148

TURKOLOGY

<i>Abdrassimova A.E., Zhiyembay B.S.</i> Kazakh and Russian borrowings in the language of the Turkish Diaspora of the Republic of Kazakhstan.....	157
<i>Kadrimbetova N.N.</i> Issues of preservation of historical and cultural heritage objects in Kazakhstan.....	163
<i>Kaldybayev M.S.</i> Anthropomorphism of memorial structures of Turkic peoples.....	170
<i>Kosybayev M.M., Kosybayeva A.M.</i> Household names on the monument of “Diwani lugat-it-Turk”.....	177
<i>Shaimerdinova N., Nevskaya I.</i> Some aspects of the history of Kypchak and Oguz languages.....	184

СОДЕРЖАНИЕ

ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

<i>Азмуханова А., Баспак Т.</i> Сравнительный анализ европейской и казахстанской академической мобильности.....	8
<i>Арын Е.М.</i> Социально-политические приоритеты модернизации общественного сознания в Казахстане.....	18
<i>Ермекбаев А.А.</i> Черноморский регион во внешней политике России.....	26
<i>Жанбулатова Р.С., Дюсембекова М.К.</i> Казахстанско-российское приграничье в формате единого экономического пространства: современное состояние и перспективы.....	34
<i>Жанпейісова Қ.Д., Калиаскарова Г.Б.</i> Состояние интеллектуальной миграции молодежи Казахстана: политический анализ.....	45
<i>Жасузаков С.А.</i> Военное сотрудничество Республики Казахстан в рамках ОДКБ.....	54
<i>Каппасова Г.М.</i> Политические предпосылки развития миграционных процессов в Республике Казахстан.....	60
<i>Кожбанхан Е.К., Калдыбекова А.Д.</i> Важность интеллектуалов в формировании идеологической гегемонии.....	69
<i>Турунтаева А.А., Камытбекова А.Б.</i> Политика КНР в странах Центральной Азии в рамках проекта «Экономический пояс Шелкового пути».....	76
<i>Ықласова А.Ы.</i> Развитие торгово-экономического сотрудничества между Казахстаном и Китаем.....	86

РЕГИОНОВЕДЕНИЕ

<i>Исалиева А.М., Турханова А.Ж.</i> Взаимоотношения Республики Казахстан со странами Персидского залива: конструктивистский подход.....	92
--	----

ВОСТОКОВЕДЕНИЕ

<i>Абишева М.М., Курбанбаева А.М.</i> «Та'ароф» - главный аспект иранского менталитета.....	100
<i>Ахметова С.З.</i> Роль Республики Корея в глобальном управлении: южнокорейские инициативы в составе «Группы 20» (G20).....	109
<i>Кайыркен Т.З.</i> Взаимное дополнение китайских источников и древнетюркских текстов.....	118
<i>Майкибаева А.К., Ильясова К.М.</i> Приоритетные направления и перспективы сотрудничества Республики Казахстан с Южной Кореей.....	131
<i>Нуридденова А.К.</i> Новая эпоха во внешней политике Китая: концепция «сообщества единой судьбы человечества».....	139
<i>Тастамбекова Т.М.</i> Неконвенциональное оружие в Израиле: причины и следствия.....	148

ТЮРКОЛОГИЯ

<i>Абдрасимова А.Е., Жиембай Б.С.</i> Казахские и русские заимствования в языке турецкой диаспоры Республики Казахстан.....	157
<i>Кадримбетова Н.Н.</i> Вопросы сохранения объектов историко-культурного наследия в Казахстане.....	163
<i>Калдыбаев М.С.</i> Антропоморфизм погребально-поминальных сооружений тюркских народов.....	170
<i>Косыбаев М.М., Косыбаева А.М.</i> Бытовые наименования в памятнике «Дивани лугат-ит-тюрк».....	177
<i>Шаймердинова Н.Г., Невская И.А.</i> Некоторые аспекты истории развития кыпчакских и огузских языков.....	184

МРНТИ 03.20

Т.З. Қайыркен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: kairkentz@mail.ru)

Қытай деректері мен көне түркі мәтіндерінің бірін бірі толықтыруы

(Күлтегін ескерткіші батыс бетінің 1-10 жолдары негізінде)

РК БҒМ ҒК № 05133970 жобасы аясында

Аннотация. Мақалада Күлтегін ескерткіші руникалық мәтінінің батыс бетінің 1-10 жолдарына деректанулық-тарихнамалық талдау жасалып, онда келтірілген мәліметтердің қытай деректерімен сәйкестігі, шынайылығы және деректік маңызы ашып көрсетілген. Автордың зерттеу нәтижелері мен көзқарасы мынаған саяды:

Күлтегін ескерткішіндегі руникалық мәтіннің алғашқы он жолында келтірілген деректердің ішінде Түркі қағанының алғашқы құрушылары Бумын, Естемі қағандардың атақ-даңқы, істеген істері, олардың кезінде Түркі қағанатының шығыста Хинган (Қыдырхан) тауларынан батыста Темір қапыққа дейін қоластына алып, іргелі елге айналғаны, кейін келе ішкі-сыртқы күштердің әсерінен билікте берекесіздік орын алып, түркі жұртының 50 жыл бойы Таң империясының отарына түскені, ақыр соңында халықтың қайтадан оянып күш біріктіріп Таң үстемдігін аударып тастауға бел буғаны сынды тарихи оқиғалардың бәрі дерлік Қытайдың «Цзю Таншу», «Син Таншу» секілді деректерімен толықтай сәйкес келеді. Сонымен бірге, онда қытай деректерінде айтылмаған түркі мемлекеттілігі, елдік сана-сезімі туралы тың мәліметтер кездеседі.

Түйін сөздер: Күлтегін ескерткіші, руникалық мәтін, мәтіннің батыс беті, 1-10 жолдар, қытай деректері, деректің шынайылығы, деректанулық және тарихнамалық талдау.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-118-130>

1893 жылы В.Томсен тарапынан шешіп оқылған көне түркі руникалық мәтіндері ұзақ замандар бойында тіл тұрғысынан барынша терең және жан-жақтылы зерттелді. Тіл ғалымдарының бір ғасырдан астам уақыт бедерінде жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде тарихшылар көне түркі тарихына қатысты нақты әрі қайталанбайтын дереккөздеріне ие болды. Дегенмен бұл деректердің шынайылығын дәлелдеу үшін, біздің сол дәуірге тән өзге де тарихи деректерге жүгінуімізге тура келеді. Бұл ретте көне түркі тарихы туралы ең бай және хронологиялық шеңбері кең мәліметтер жиынтығы ретінде қытай деректерін атауға болады.

Біз көне түркілердің руникалық мәтіндерін толық қамти алмасак та, алдымен солардың ішінен ең типтік мәнге ие, мазмұн жағынан бай Күлтегін ескерткішіндегі түрікше мәтіннің батыс бетінің 1-9 жолдарына деректанулық-тарихнамалық талдау жасап, мәтіннің шынайылығы мен деректік мән-маңызын ашып беруді мақсат еттік.

Мәтіннің 1-10 жолдарының транскрипциясы³

1. Üze kök teŋri, asra žayyz žer qylyntuqda ekin ara kisi oyly qylynmys. Kisi oylynda üze eñüm apam bumyn qayan, istemi qayan olurmys. Olurypan türük bodunyn elin, törüsün tuta birmis, iti birmis.

3 Бұған дейін проф. түрколог Қ. Сартқожаұлы В.Томсен, В.В. Бартольд, С.Е.Малов нұсқаларына ау бастан күдікпен қарай отырып, мәтіндердің түпнұсқасын өз қолымен қайта көшіріп, цифрлы техниканың көмегімен сараптау жасап, өшіп қалған иероглифтерді бұрынғы эстампаждар арқылы толықтырып, лингвистикалық, этно-мәдени және тарихи тұрғыдан зерттеп шықты. Нәтижесінде бұрын зерттелген мәтіндерден көптеген қателерді тапты. Бұл көбінесе Күлтегін және Білге қаған ескерткіштеріне қатысты лингвистикалық, этно-мәдени және дүниетанымдық мәндегі қателер еді. Бұл қателер бұған дейін мәтіндегі тарихи мәліметтерді тура қабылдауға белгілі дәрежеде кері әсерін тигізіп келді. Кейде бір сөздің қате аударылуынан тұтас бір сөйлемнің мағынасы ауытқып кеткен жағдайлар да кездесетін. Сол себептен, біз ескерткіштің деректік әлеуетін талдаудағы соңғы үлгі ретінде Қ.Сартқожа ұлы ұсынған транскрипция мен аударма нұсқасын негізге алдық (Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. II т. Алматы. 2012. -323.).

2. Tört bulun qop (qoup-C.K.) žayy ermis. Sü sülepen tört bulundaqy boduny (quup-C.K.) qop almys. Qop (quup-C.K.) baz qylmys. Bašlyyū žükündürmis, tizligig sökürmis. Ilgerü qadyrqa žyşqa tegi kerü temir qapyūqa tegi qoondurmys. Ekin ara

3. Idi oqsyž köök türük anča olurur ermis. Bilge qayan ermis, alp qayan ermis. Bujruqy žeme bilige ermis erinč, alp ermis erinč. Begleri žeme boduny žeme tüz ermis. Any üčün elig anča tutmys erinč. Ilig tutup törüg itmis. Özi anča

4. kergeg bolmys. Žoyčy syžytčy öñre küün tuysyqda bökli čöllig el tabyač, tüpüt, apar, purum, qyyqyz, üč-quuryqa, otuz-tatar, qyytaj, tataby bunča bodun kelipen syžtamys žoylamys. Anday külig qayan ermis. Anda kisre inisi qayan

5. bolmys erinč. Oly qayan bolmys erinč. Anda kisre inisi ečisin teg qylynmaduq erinč. Oly qayn teg qylynmaduq erinč. Biligsiz qayan olurmys erinč. Žablay qayan olurmys erinč. Bujruqy žeme biligsiz erinč, žablaq ermis erinč.

6. Begleri boduny tüzsiz üčün, tabyač bodun tebligün kürlig üčün armaqčys²yn üčün inili ečili keksürtükün üčün begli, bodunlyž žoñasurtuqyn üčün türük bodun illedük ilin yčyynu ydmys.

7. Qayanladuq qayanyn žitürü ydmys. Tabyač bodunqa beglik ury olyn qul boldy, silik qyyz olyn küñ boldy. Türük begler türük atyn² yty. Tabyačy begler tabyač atyn tutpan. Tabyač qayanq[a]

8. kürmis. Elig žyl isig küčig bermis. Ilgerü küün toysyqda bökli qayanqa tegi sülejü bermis. Quraru Temir qapyūqa tegi sülejü bermis. Tabyač qayanqa ilin törüsin aly bermis. Türük qara qamy

9. bodun anča timis. «ellig bodun ertim. elim amty qany? Kimke elig qazyanur men», -tir ermis. «Qayanlyž bodun ertim. Qayanym qany? Ne qayanqa isig küčig berürmin», -ter ermis. Anča tip tabyač qayanqa žayy bolmys.

10. Žayy bolup itinü žaratunu umaduq žana içikmis. Bunča isig küčig bertükgerü saqynmaty «türük bodun ölürejin, uruysyratajyn», -ter ermis. Žoq ydu baryr ermis. Üze türük teñirisi, türük yduq žeri

Мәтінге жолма-жол талдау

(1) **1-жол.** Üze kök teñri, asra žayyz žer qylyntuqda ekin ara kisi oly qylynmys³. Kisi olyn da üze ečüm apam bumyn qayan, istemi qayan olurmys. «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған [таққа] отырған»-деген жолдарда Түркі халқы мен оның қағанатының алғашқы қағандарына ерекше мадақ айтылады. Осында Жер мен Көк жаралып, екеуінің арасында адам баласы пайда болғаннан бері сол қағандардың күллі адамзатты өзіне бағындырып, оларға үстемдік етіп келгені сөз болып тұр. Осылай аз-кем асыра суреттеу арқылы олардың күллі жер бетіне (Еуразия кеңістігіне) иелік еткенін жеткізеді. Бұл Түркі халқы мен қағанатының тарихына берілген ерекше баға еді. Осылай деу арқылы мәңгітас авторы ата-бабасының өткен тарихына айырықша тәнті етеді.

Мәтіндегі Бұмын⁴ және Істемі Түрік қағанатының құрылып батыс және шығыс екі қанатқа бөлінгеннен кейінгі қағандары. Қытай деректерінде елдің солтүстігіндегі түріктерді Солтүстік түрік (北突厥) немесе Шығыс Түрік деп, ал батысындағы түріктерді Батыс түрік (西突厥) деп атаған. Көне түріктер оларды «Tülis» (шығыс) және «Tarduš» (батыс) түріктері деп бөледі. Ұлан-байтақ мемлекетті осылай екі қанатқа бөліп басқару түріктердің арғы атасы ғұндардан бері келе жатқан дәстүр. Білге қаған інісі Күлтегінге ескерткіш орната отырып, Түркі қағанатының тарихындағы мемлекеттің екі қанатының іргесін қалаған осы екі тұлғаны айырықша атап көрсетеді. Бұл Түркі қағанатының батыс пен шығыс бөлігінің кейбір зерттеу еңбектерде атап көрсетілгеніндей, бір-бірінен тәуелсіз, мүлде окшау қағанатқа бөлініп кетпегенін, керісінше, олардың дәстүр, тарих және саяси-идеологиялық тұрғыдан бір тұтас болғанын көрсетеді. Қытай деректері бойынша Бумын (қытай дерегі бойынша 土门) шығыс түріктердің атасы, ал Істемі (室点密) болса батыс түріктердің атасы.

⁴ Бұмын қытайша Тумын (Tumen 土门).

«Суй кітабы. Түріктер баянында» айтылуынша ол екеуі ағайынды, екеуі де ұлы Ябғұның (大叶护) баласы. Түріктер ұлы Ябғұның кезіне келгенде біртіндеп күшейді(隋书.突厥传). Кейін қағанат құрып, бөлінгеннен кейін, шығыс түріктердің Түпкі ханы (орталығы) Орхон (温昆) өзені бойында болса, батыс түріктердің Түпкі ханы Іле (伊犁) өзені бойында болған.

Осындағы «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер» тіркесіндегі (*Üze kök Teñri, asra žauyz Žer*) сөйлеміндегі «Теңгі» сөзін В.Томсен [1, 97] В.В. Радлов [2, с.4-5], Н.Оркун [3,с.22], С.Е.Малов [4, с.36] «көк аспан» деп аударса, Қ.Сартқожа бұл дұрыс емес, дұрысы байырғы түріктердің дүниетанымын, наным-сенімін білдіретін «Тәңір» - (жаратушы) деген сөз дейді [5, 60]. Дегенмен, Тәңірді қалайша «жаралды» деуге болады? -деген сұрақ туады. Соған қарағанда, ерте заманда «Көк» сөзінің «көк аспан» және «Тәңір» деген қосарланған мағынасы болуы мүмкін. Қытайлар «тянь» (天) сөзімен осы екі мағынаны қатар береді. Түрікше «тәңір» сөзі ең алғаш ғұн көсеміне байланысты Сы Мацяньнің «Шицзи» кітабында айтылады. Онда «Мөденің заманына келгенде ғұндар күшейді... Оның елі оны тәңірқұт (撑犁孤涂) деп атайды... Ғұндар аспанды тәңір дейді(匈奴谓天曰撑犁). [Тәңірқұт сөзінің мағынасы] аспанға ұқсас деген сөз» (史记.匈奴传) деген мәлімет кездеседі. Бұған қарағанда, ерте заманда ғұндар аспанды да «Тәңір» дейтін болған.

Осы абзацтағы «*Žauyz žer*» тіркесін В.Томсен «қара жер» деп [1], В.В.Радлов «темная земля» [6, 4-5; 7, 16] деп аударған. С.Е.Малов «темная земля» дей отырып, жақшаның ішіне сөзбе-сөз мағынасын «бурая» (қоңыр) деп берген [4,с.36]. Қ. Сартқожа болса, байырғы түріктердің түсінігінде «қара», «қараңғы» - жамандық символы. Соның ішінде Тәңірі тұтып отырған жерге «қара» деген сөзді мүлдем қолданбайды. Өйткені Жер-ананы (умаи *uduq žer*) қасиет, кие тұтқан. Мәтіндегі «*žauyz*» сөзін М.Қашқари сөздігінде «қызыл менен қара түстің ортасындағы өң» [8, III. 9-12; IV. 728] деп түсіндірген. Бұл қоңыр өң. Қазақ тілінде бұған байланысты мысалдарды көптен кездестіруге болады. Сондықтан біз «*žauyz*» сөзін «қоңыр» деп аударып отырып, қазақ тілінің қазіргі нормасына сай «сағыз жер» деп алдық,-дейді [5, 676.]. Дегенмен, «қара» мен «қоңыр» қазақ түсінігінде жақын ұғым. Қазақтар жерді кейде «*қара жер*», кейде «*қоңыр жер*» деп атай береді. Ал, «*сағыз жер*» ұғымы белгілі бір жерде сағыз топырақтың болуына байланысты айтылады. Ол дымқылдау, нығыз, сарғыш түсті топырақ. Топырақтың қасиетіне байланысты «*керсағыз*» сөзі содан шыққан. Ол кейде адам мінезіне байланысты да айтылады.

2) Түрік сөзі мәтінде «*türük*» түрінде келеді. Ол Күлтегін, Білге қаған, Түй-үкүк, Күллічор, Онгин ескерткіштеріндегі мәтіндерде **𐰚𐰇𐰏𐰤** деп жазылған. В.Томсен, В.В. Радлов, Н. Оркун, С.Е.Маловтар «*türk*», Т.Текин «*türük*» [9, 231-258], Г.Клосон «*türkü*» деп оқыған. Қ. Сартқожа Т.Текиннің оқылуын дұрыс деп есептейді. Себебі, бұл байырғы түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың үйлесу сингармонизміне, соның ішінде қыпшақ тобының фонетикалық үйлесіміне дәл келеді-дейді ғалым [5, 68 б.]. Тарихшылар үшін этнонимнің жазылуы мен дыбысталуындағы аздаған айырмашылықтар маңызды емес, маңыздысы, Еуразия кеңістігінде айырықша із қалдырған осынау этностың және оның мемлекет атауының мәңгітас бетінде тайға таңба басқандай етіп жазылып қалғандығы. «Түрік» сөзінің тас бетінде жазылып қалуы қытай деректерінде молынан айтылатын «突厥» (*Tujue*) сөзінің баламасы «түрік» екеніне толық көз жеткізеді.

3) 1-жол. *Olurypan türük bodunyn elin, törüsін tuta birmis, iti birmis*. «[Таққа] отырып түрік(2) халқына, еліне, төріне/билігі/ тұтқа болған, қалыптастырған»: бұл сөйлемде көне түркілердің ежелден өз алдына халық екені, оның «Елі» (мемлекеті), «Төрі» (мемлекет аппараты, билік жүйесі) бар екені нақты айтылған. Осындағы «*il/el*» сөзін В.Томсен «*il*» [1, 97], В.В.Радлов «*эл*» [6, 5; 10,117,16], С.Е.Малов «*il*» [4, 28], Т.Текин «*il*» [9, 260, 232], «Древнетюркский словарьда» [11, 168-169] «*el*» деп таңбалайды. Барлық қыпшақ тілі тобында «*el*» деп атайды. Алтай тілдері тобында да, түрік тілдеріне туыс манчжур, моңғол тілдері топтарында да «*el*» деп [12, 142] қолданған. М.Қашқари сөздігінде «*el*» деп жазылған [8, I.48-25; II.10-14]. Қ. Сартқожа да В.В.Радлов пен «Древнетюркский словарьдың» транскрипциясы дұрыс деп

есептейді. «Ел» сөзінің аудармасын жоғарыдағы зерттеушілердің көбі «племенный союз» (тайпалық одақ) деп аударған [5, 68]. Дегенмен, бұл кездегі түркі қағанатын «племенный союз» (тайпалық одақ) дегеннен гөрі «мемлекет» деген дұрыс. Өйткені, ол кезде қағанаттың әр екі қанаты да төңіректегі елдермен халықаралық байланысқа шыққан болатын. Мысалы, Түркі қағанаты құрыла сала (554) Мұхан қаған Парсы патшасы Хұсрау I Анашерванмен одақ түзеді және екі жақ бірігіп 553-558 жылдары эфталиттерді жеңіп, олардың жерін бірлесіп бөліп алады. Екі ел Әму дарияны шекара етіп белгілейді. Парсылар Балх, Кабул, Тохар секілді жерлерге, түріктер Ташкент, Ферғана, Самарқанд және Бұхараға ие болады. Темірқапық (铁门关) осы кезде Тұран мен Иранның ресми шекарасы ретінде бекітіледі. [13, 189-190]. Мұхан қаған Парсы мемлекетімен қарым-қатынасын одан ары жақсарту мақсатында өз қызын Хсрау I-ге ұзатады. Одан Хормуз IV туады. Яғни, Парсы елімен байланысты жақсартуда қытайлық құдаласу дипломатиясын жолға қояды. Ибн Джарир ат-Табаридің «Пайғамбарлар мен патшалар тарихы» атты кітабындағы мәлімет бойынша, эфталиттерді түбегейлі талқандаған Істеми (Sindjibu)⁵ делінеді [13, 190]. Тарихи деректер Істеми қағанның шығыс Рим императоры Флавий Юстин II-нің кезінде онымен тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Бұл жағдайлар, Түркі қағанатының Істеми қаған билеген кезеңінде, шет елмен белсенді байланысқа шығып қана қоймай, кейбір халықаралық мәселелерді бірігіп шешкенін көрсетеді. Демек, осы кезде Түркі қағанаты батысы мен шығысында Парсы, Византия және Қытайдың Вэй патшалығы қатарлы мемлекеттермен терезесі тең ел ретінде қарым-қатынасқа түскен, сондай-ақ, олармен байланыста өз мүддесін алдыға қоя алатын болған. Оның үстіне, мәтінде «Төр» туралы әңгіме болып отыр. Мәтіннің В.Томсен аудармасына негізделіп аударылған қытайша нұсқасында «ел» сөзін «империя» (帝国), ал «төр» сөзін «тәртіп, жүйе» (制度) деп алған. Сол бойынша жоғарыдағы сөйлемді толық түрде «Таққа отырып, Түркі империясын, оның жүйесін орнықтырып, ретке келтірді» (既为之长, 即治理整顿突厥之帝国和制度) деп аударады. Қ. Сартқожаұлы қазақ этно-мәдениеті мен көшпелі түркі-монғол халықтарының ел билеу дәстүріндегі линвстикалық қолданымдарға негізделіп, «Төр» сөзінің түпкі мәні, мағнасы үкмет дегенді білдіреді дейді. Әрі «Tögü» сөзін В.Томсен «құрылым» [1, 97], В.В.Радлов «правительственная власть» [14, с.16], С.Е.Малов «установление» [4, с.36], деп аударғанын алға тартады. Осылардың ішінде В.В.Радловтың аудармасы дұрыс деп есептейді. Себебі: а) Шыңғысхан империясы байырғы Түркі қағанатының құрлымын сол қалпымен қабылдаған. Түркілердің «tög» (өкімет) деген атауын өзгертпей алған. б) М.Қашқари сөздігінде tög=үйдің төрі, құрметті орын [15, III.133], «Құтадғу білікте» «үкімет» [16, 852]; Моңғолдың құпия шежіресінде - «үкімет», X-XI ғасырлардағы орта ғасырлық түрік деректерінде де «tög» сөзінің мағынасы «үкімет» (Suvarnaprabhasa-Altun jaruq) болғанын көрсетеді [5, 68]. Бұдан VI ғасырдың орта кезінде көне түркілердің өз халқы, елі (мемлекеті) және ел басқаруға арналған мемлекеттік аппараты—«төрі» (үкіметі) болған деген қорытынды шығарамыз.

4) **2-3 жолдар:** «Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері /шығыста/ Қадырхан жынысына дейін, кері /батыста/ Темір-қақпаға дейін қондырған. Екі аралықта көк түріктердің иесі иеліксіз осылай отырар еді. Білікті қағандар еді, алып қағандар еді. Бұйрықтары /қолбасшылар/ да білікті еді, алып еді. Бектері де, халқы да түз (адал) еді. Сол үшін елді осынша тұтқан еді. Елін тұтып төрлі /билікті/ етті». Бұл мәтіндегі «Төрт тараптағылар қарсы жау болған» деген мәліметке тоқталсақ, бұл түркі халқының жужандардың (柔然) қоластында оларға темір байытушы құл(鍛奴) болып жүрген кезіне қатысты айтылған. Ал, жужан ақсүйектерінің назарында бүкіл түркі тайпалары мен олардың иеліктері толығымен жужандарға тиесілі еді. Қытай дерегі түріктердің Ұлы Ябғұның кезінен бастап күшейгенін тілге тиек етеді. 546 жылы

⁵ Ибн Джарир ат-Табари еңбегінде көзге түсетін «Sindjibu» сөзі Менандр Протектордің «Грек тарихында» (толық нұсқасы сақталмаған) «Sizibul» немесе «Dizabulus» деп беріледі. Э. Шаванн мұның бәрі Істеми атының өзгеше жазылуы, Табари еңбегіндегі «Sindjibu» сөзінің соңғы бөлігі (djibu) түріктердің ябғу лауазымын білдіреді. Ал оның алдыңғы бөлігі (Sin) оның өз аты. Сол себепті ол әсілінде Sin-jabgu деген сөздердің бірігуінен пайда болған атау дейді [17, 201 б.]. В.Томсен Theophylaktos-тың кітабынан мен тағы да «Stembis» қаған деген атты таптым дейді [18, 468 б; 19, S. 160-175.].

түріктің тели тайпасы жужандарға қарсы көтерілген кезде бумын қаған оларға бір бүйірден соққы беріп, жеңіліске ұшыратқаннан кейін, оларды толығымен өзіне қосып алады. 552 жылы Бумын жужандардың өзіне соққы беріп, оларды толық бағындырады. Жужан қағаны Анагай құсадан өзін өзі өлтіреді. Осыдан соң Түркі қағанаты ресми түрде құрылады. Ол кезде түріктердің батысында эфталиттер(嚙哒) оларға күшті қарсылас еді. Түріктер үшін оларды жеңіп, олардың қолынан Қытайға баратын сауда керуен жолдарын тартып алу керек болды. Түріктер сол мақсатта Парсы патшасы Хұсрау II Анашерванмен жақсы қарым-қатынас орнатып, 553-558 жылдардың аралығында эфталиттерді бірлесіп жойды. Шығыста қытандарды (契丹), солтүстікте қырғыздарды(契骨), оңтүстікте тоғандарды (吐谷浑) жойып, Қытайдың Батыс Вэй және Солтүстік Чжоу патшалығымен жақсы қарым-қатынас орнатады. Мәңгітастағы «Төрт тараптағылар қарсы жау болған» деген сөздің мәнісі осы. Бұл туралы Қытайдың «Чжоу тарихы», 50 бума «түріктер баянында» толық айтылады. Демек, мәңгітастағы мәліметтерді қытай деректері растайды. «Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген» деген жолдар осы жорықтардың жалпы сипатын көрсетеді. Әрине, кез-келген жорық қалың қолдың, әскердің көмегіне сүйенеді. Мұнда сол барған жерлерін бағындырғаны, иеленгені және бейбіт еткені айтылған. Бұл шын мәнінде, ол елдерді жерімен қоса өзіне қосып алғанын көрсетеді. Ерте заман адамдары көп сөзділіктен аулақ болған. Ауқымды, ұлан-асыр оқиғаларды тиянақты бір-екі сөйлемге ғана сыйдырып отырған. Қытай деректерінде де, көне түркі ескерткіштерінде де сондай. Ал «бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген» деген жолдар Түркі қағанаты мен әскерінің әлеуетін, оның жолында қарсы келер жау болмағанын көрсетеді. Бұл еш асыра айтылған сөз емес. Парсы, Византия және Қытай деректері де осы кезде көне түріктердің шынымен құдіретті ел болғанын растайды. «Ілгері /шығыста/ Қадырхан жынысына дейін, кері /батыста/ Темір-қақпаға дейін қондырған»-деген жолда Түркі қағанатының иеленген жерінің шет-шекарасы көрсетілген. Бұл да қытайлық тарихи деректерге толық сәйкес келеді. Осында тілге тиек етілетін Қыдырхан тауы манчжуриядағы ұлы Хинган тауы болса, Темірқапық қытайша Тиэмэнгуан. Яғни Тұран мен Иранның шекарасы. Мұхан қаған мен сасанидтік Иран шахы Хсрау II-нің эфталиттер билігін бірлесіп жойғаннан кейінгі келіскен шекарасы. «Чжоу кітабы. Түріктер баянында»: «(Мұхан қаған еркін) батыста эфталиттерді талқандап, шығыста қытандарды бағындырып, солтүстікте қырғыздарды өзіне қосып, камалдың теріскейіндегі (塞外) құллі елдердің бәрін өзіне қаратты. Оның жері шығыста Ляохай теңізінің батысынан, батыста Батыс теңізге(西海) дейінгі он мың лилік⁶ аралықты алып жатыр. Ал, түстікте Құмдықтың(沙漠) теріскейінен солтүстікте Байқалға(北海) дейінгі алты-жеті мың лилік жер түгел солардікі»⁷ [周书.卷50, 突厥传] дейді. Осынау ұлан-байтақ қонысқа ие болғандарын мақтанышпен тілге тиек ете келе, соның бәріне өз халқын, елі-жұртын қондырғандығын баяндайды. «Екі аралықта көк түріктердің иесі иеліксіз осылай отырар еді» дейді. Бұл осы аралықтың түріктердің ешкімнің шектеуінсіз (иеліксіз) отырғанын айтады. Осыдан соң, мәтін мазмұны Түркі қағанатының алғашқы кезінде ел билеген қағандары мен бұйрықтары, бектері туралы айтады. Оларды «Білікті қағандар еді, алып қағандар еді» деп сипаттайды. Бұл жерде әңгіме 552-657 жылдар аралығында ел билеген тұлғалар туралы болып отыр. Шын мәнінде, бұл Бірінші Түркі қағанатының кезеңі. Осы кездің өзін екі кезеңге бөлуге болады: яғни, Түркі қағанаты құрылғаннан бастап, шығыс-батыс екі қағанатқа бөлінгенге дейінгі кезең (552-583 жж.) және екі қағанатқа бөлінгеннен бастап, Бірінші Түркі қағанаты жойылғанға дейінгі кезең (583-657). Бұл арада Бірінші Түркі қағанатының шығыс-батыс екі қанатқа бөлінуін көптеген ғалымдар ішкі алауыздықтан болды деп есептейді. Анығында, бұл ішкі қақтығыстан емес, ел басқарудың қажеттігі үшін жасалған шара еді. Ертедегі ғұндар да мемлекетті осылай екі қанатқа бөліп басқаратын. Алғашқы кездің айтулы қағандары ретінде Бумыннан бастап, Мұхан,

6 Ли (里)—қытайша ұзындық өлшемі, 1 ли шамамен 500 метр.
7 Чжоу кітабы周书, 50 бума, баян-42.түрік.

Істеми, Тарду, Таспар (Tuobo-佉钵) қағандарды атасақ, екінші кезеңнің айтулы қағандары ретінде Ілік (Ел 頡利) қаған мен Қара қағанды(贺鲁) атауға болады. Мәңгітас мәтініндегі «Бұйрықтары (қолбасшылар) да білікті еді, алып еді. Бектері де, халқы да түз (адал) еді» деген жолдар осы қағандардың кезінде, әсіресе Бумын, Істемилердің кезінде олардың қоластындағы бектер мен бұйрықтардың қағанға да, халыққа да адал болып, елі үшін аянбай еңбек еткенін көрсетеді. «Сол үшін елді осынша тұтқан еді. Елін тұтып төрлі / билікті/ етті» деген сөздің мағынасы төмендегі бектер мен бұйрықтардың адалдығы мен қажыр-қайратының арқасында осы аталған қағандар мемлекетті ұзақ уақыт басқарып, Елін тұғырлы етті дегенді көрсетеді.

5) 5- жол: «О дүниеге керек болды (дүниеден өтті). Жоқтаушы, жылап-сықтаушы күн шығыстағы бөккі шөлі елінен, табғач, тибет, абар, үрім, қырғыз, үш-құрыхан, отыз-татар, қытай (кидан), татабылардан бұнша халық келіп сықтады, жоқтады. Осындай күліг (даңқты) қағандар еді» деген жолдар қайталанбайтын деректер санатына жатады. Мұнда Істеми, Бумын, Мұхан, Тарду, Таспар сынды қағандардың өлімі туралы айтылады. Олардың қазасына Бөккі шөлі елінен, Табғач, Тибет, Абар, Үрім, Қырғыз, Үш-құрыхан, Отыз-татар, Қытай (кидан), Татабы елдерінен елшілер келіп, жылап-сықтағанына қарағанда бұл қағандардың осы елдерге атағы мәлім болғаны әрі ол елдерде құрметке бөленгені көрініп тұр. Бұл елдердің бір сыпырасының атауы сол кезге тән қытай деректерінде де кездеседі. Мысалы, Табғач—唐朝, Тибет—吐蕃, Қырғыз—契骨(黠戛斯), Үш-құрыхан—三姓骨利干, Отыз-татар—三十姓鞑鞴, Қидан—契丹 («Жаңа Таң кітабы», «Көне Таң кітабы»). Деректің тағы бір құндылығы— онда Абар (Авар), Үрім (Рим) секілді елдердің аты аталады. Бұл кезде Орта Азияға, он оқтар мен сасанидтердің арасына сыймай кеткен аварлар (эфталиттер) Кавказ арқылы Азов теңізінің жағасына дейін жетіп қалған еді. Ал татабыларға келсек, олар Байқалдың шығысын мекендеген түркі тілді көне этнос. Осы аталған елдердің географиясы шығыста Хинган тауынан (Бөккі шөлі елі) батыста Балқан түбегі (Үрім немесе Шығыс Рим) мен Шығыс Еуропаға (Авар), оңтүстікте Тибет пен Қытайдан солтүстікте Енесей (Қырғыз) бойына дейін созылып жатыр. Бұл деректер Түркі қағанаты құрылғаннан кейінгі оның өрлеу дәуірінде аталған елдермен тығыз қарым-қатынаста болғанының дәлелі.

6) 5-жол: «Одан соң інісі қаған болған еді. Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар [таққа] отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Бұйрықтары (қолбасшылары) да біліксіз еді, әлсіз болған еді»: 580 жылы Таспар қаған дүние салды. Оның дүние салуымен Бірінші Түрік қағанатының тарихындағы ең алғаш ел құрған, мемлекеттің іргетасын бекемдеген «күлік қағандардың» тарихы аяқталды. Осыдан соң, қағанаттың тарихындағы аумалы-төкпелі дәуір басталды. Мұның себебі ішкі жақтағы билік тартысы мен жекелеген кіші қағандардың басаламандығы болса, сыртқы жақтан осы кезде Қытайды бірлікке келтірген Суй патшалығының империялық сына саясаты (反间政策) еді. Бірақ Суй патшалығы Шығыс Түркі қағанаты мен Батыс Түркі қағанатын бір-біріне қарсы қойып, ортадан пайда табуды ойлағанымен, кейін Суар⁸ қағанның кезінде түріктер тарапынан келетін қауіп астында қалды. Соның бір мысалы ретінде 615 жылы император Суй Яндидің түріктер тарапынан қоршауда қалғанын айтсақ та жеткілікті. Суар (始毕) қағанның кезінде оның шет-шекарасы шығыста Қиданға, батыста Идікүтқа, оңтүстік-батыста Тоғондарға дейін жетіп, садақшыларының саны миллионнан асады [290.]⁹. Бұл Шығыс Түркі қағанатының ең дәурендеген кезі болды. Бұл кезде Суй патшалығының қысымына шыдамаған қытайдың әскери ақсүйектері мен халықты патшаға қарсы бастап шыққан кейбір қолбасшы-батырлары, мысалы, Доу Цзяндэ (窦建德), Лю Учюу (刘武周), Ван Шичун (王世充), Лян Шиду (梁师都), Суэ Цзуй (薛举), Ли Гуй (李轨), Ли Юань (李渊) қатарлылар түгелдей түрік Суар қағанның қоластына барып

⁸ Суар қаған Цимин (启民) қағанның ұлы, бұрынғы аты Доу жиши (咄吉世 немесе 吐吉), 609 жылы Цимин қаған қайтыс болған соң таққа отырған («资治通鉴», 卷175, 陈纪九, 长城公至德元年复四月壬申).

⁹ 杨建新. 中国西北少数民族史, 北京. 2012.

паналап, оның көмегімен Таң патшалығын аударып тастауға әрекеттенді әрі соңғы есепте сол мақсаттарына қол жеткізді. Түрік қағанатының басымдығы Таң патшалығының екінші императоры Тан Тайцзун таққа отырған кезеңге дейін жалғасты. 630 жылы Шығыс Түрік қағаны Ілік қаған Таң патшалығына қолға түсіп, Шығыс Түрік қағанаты толығымен Таң патшалығының боданына айналды. Дәл осы жағдайға кіріптар болудың себептері Күлтегін ескерткішінің 6-7 жолдарында нақты айтылады: *«Бектері, халқы адал /түз/ болмағандықтан, табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылды. Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды»* Түріктердің өз жүрегімен, өз аузымен жазылған бұл қорытындылар сол кезге тән тарихтың ащы шындыын жайып салады. Қытай деректері де осы айтылған жайларды растайды. Түрік Ашына әулетінен шыққан Ашына Чжун мен Ашына Сымақтың Ілік қағанға жасаған опасыздықтары мен Таң мемлекеті үшін жанын сала қызмет етуі, Таң ордасының қызына үйленіп, аттарын қытайша қоюы, «Таң мемлекетінің адал иті болуға» ант беруі жоғарыда айтылған жайлардың нақты көрінісі деуге болады. Бұл арада *«Бектері, халқы адал /түз/ болмағандықтан, табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен»* деген сөздердің астарында Шығыс Түрік қағанатының қоластындағы теле (敕勒), сыр-енда (薛延陀), құрықан (骨利干), тоңра (同罗), бөгу (仆固), ұйғыр(回纥), төбе(都播), цзие (结), хусюэ (斛薛), байырқу (拔野古), сысюй (思绪), хун (浑), адыз (阿跌), қыбыт (契苾), доланғы (多滥葛), байси (白霽) қатарлы 15 тайпаның көсемдерінің Ілік (頡利) қағанға бағынбай Таң мемлекетімен жасырын тіл байласып, солардың пайдасына қызмет еткені сынды жағдаяттар жасырынып жатыр. Қоластындағы бектері мен бұйрықтарының адал болмауынан, сатқындығынан Шығыс Түркі қағанаты 630 жылы жойылды. Жалғыз өзі мемлекетін, халқын қанша арашалап қалғысы келгенімен Ілік қаған қапияда сатқындардың қолына түсті. Тан патшалығына берілген ашына тайпасының ақсүйегі Ашына Чжун оны қапыда қолға түсіріп тан патшалығына тапсырып берді. Сол үшін Тан Тайцзун патшадан марапат алып, тан әулетінің қызымен некеленді. Өлгенде қабірі император қабір кешеніне жерленді. Опасыз сатқындардың кесірінен Түркі қағанатының халқы түгелімен Таң бодандығына түсті. Ашына Сымақ пен Ашына Чжунның таң империясы үшін сіңірген еңбегі «Таң кітабында» және олардың Чжаолин император қабір кешеніндегі ескерткіш тасында нақты жазылған. Таң патшалығы білікті, елін сүйген қағандардың орнына жағымпаз, өз құлқынын күйттеуші Ашына Сымақты қаған етіп қойып, түркі халқын Ішкі Қытайға–Орта жазыққа қарай көшіреді. Мақсат оларды тездікпен қытайландырып, сіңіріп әкету еді. Осы кезде жергілікті қытай төрелері көшіп келген халыққа тізесін батырып, қалағанынша езіп-қанады. Бұл жағдай ескерткіштің 7-8-жолдарында *«Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынды. Табғач қағанға бағынды. Елу жыл ісін-күшін берді»* деген сөйлемдер арқылы нақты көрсетілген. Осы ақпараттағы «елу жыл ісін-күшін берді» деген жолдың да тарихи негізі бар. мұнда ескерткішті жаздырушы Білге қаған Шығыс түркі қағанатының Таң қоластына өткен жылынан, яғни 630 жылдан 680 жылғы түріктердің таң үстемдігіне қарсы көтерілгеніне дейінгі 50 жылды есепке алып отыр. Бұл аралықта Батыс Түркі қағанаты Шығыс Түрік қағанатынан 27 жылдан соң, яғни 657 Таң қоластына түседі. Демек, Батыс Түріктің Шығыс Түрікке қарағанда Таң қоластында болған уақыты қысқа болды. Дегенмен, Білге қаған Шығыс Түріктің Таң қоластында болған уақытын жалпы түрік будынының (түрік жұртының) бодандықта болған кезі ретінде алып отыр.

7) 8- жол: *[Олар] ілгері күншығыста Бөклі қағанға дейін жасаулады. Кері Темір қақпаға дейін жасаулады. Табғач қағанға [басқаның] елін, төрін [билігін-үкіметін] алып берді»*. Бұл жолдар Таң патшалығының империя деңгейіне жеткен кезіндегі шет-шекарасын көрсетеді. «Таң кітабы. Батыс аймақ шежіресінде» де оның шет-шекарасы осыған сай көрсетіледі.

Яғни Таң патшалығы күшейген кезде «Батыс аймақтағы» елдердің бәрі оған елшілерін жіберді, олардың саны жүзден асты. Бәрі дерлік он мың ли жол жүріп келді. Қытай елі оның қарымжысына сый-сияпат беріп, лауазым-атақтар үлестірді, астық жеткізіп, өртендерді қаражатпен қамдады. Бұл жерлердің аумағы шығыста Көрейден (高麗), оңтүстікте Чжэнла (真腊) еліне, батыста Парсы (波斯), Тибет (吐蕃), Қырғыздардан (坚昆), солтүстікте Түрікке (突厥), Қидан (契丹), Бөкі шөлі еліне (靺鞨-Моһу)¹⁰ дейін жететін. Олар түгел жиналып «сегіз бұратана» (八蕃) деп аталды. Олардан арғы жерлер «жердің шеті» (绝域) делінді (唐书.西域传). Демек, «Темір қақпа» Істеми қағанның кезінде белгіленген Парсы мен Түркі елінің шекарасы десек, «Таң кітабындағы» «Парсыға дейін» деген дерек мәңгітас мәтініндегі «Темір қақпаға дейін жетті» деген мәліметті толықтай растайды. Яғни, VI ғасырдың 50-жылдарының соңында Тан империясының ат тұяғы Парсының шығыс шекарасы «Темір қақпаға» дейін жеткені рас еді.

Осы арада «*Tabуағ qayanqa ilin törüsin aly bermis*» (Табғач қағанға елін, төрін алып берді) деген жол нені түсіндіреді? Яғни, кім кімге нені алып берді? Білге қаған інісі Күлтегін туралы жазып отырып, түркі халқының басынан өткен аса аянышты әрі өкінішті тарихты да еске салып отырады. Түркі тарихының өте өкінішті болатынының бір себебі олардың табғаштардың айдап салуымен бірінің етін бірі жегені, яғни, Таң империясының Батыс Түркі қағанатын бағындыруда тікелей бағындырылған шығыс түріктерінің қолынан пайдалануы. Олардың бәрі дерлік түрік әскерлері еді. 657 жылы генерал Су Динфанның басшылығымен Батыс Түрікке қарсы жорық жасаған Таң қосынының негізі сол түріктерден жасақталды. Шығыс түріктен талдап алынған тегеуірінді қол өз бауырларына қарсы жорықта түркінің елін, төрін Табғаш қағанға күшпен алып берген еді. Бұны айқындайтын дерек «Көне Таң кітабында» анық жазылған: «(Таң Гаоцзун заманы) сянциңнің 2 жылы (657) оң қол тұрғауыл санғұн Су Динфан (苏定方), Өнен басқағы Рэн Ясян (任雅相), кеми басқағы Сяо Сы-ие (萧嗣业), сол қол аду тосқауыл тайсанғұн, Ханғай тұтығы оғыз Боран (婆闰) қалың қолмен жазалау жорығына жіберілді. Онан тыс, оң қол қаһарлы тайсанғұн Ашына Мише (弥射), сол қол тұрғауыл тайсанғұн Ашына бүтін (步真) аға жебеуіл болып аттанды. Су Динфан қолы Ертістің (曳咥-Yehi) батыс аңғарына жеткен кезде Ашына қара бастаған Күлеке (胡祿居), Күл шорлардың (阙噉) 20 мыңнан астам атты сарбазы шеп құрып күтіп тұрған болатын. Су Динфан кеми төбенай Рэн Ясяндарды бастап олармен айқасты. Қарақшылар ойсырай жеңілді. Тұтап тарқан секілді екі жүзден астам төбе ұлысбасыларының басы алынды. Қара мен Күл шор салт атпен қашып кетті. Іле өзенінен (伊丽) өткен кезде тағы да толып жатқан сарбаздары ат-көліктерімен суға кетіп өлді. Сяо Сы-ие Қараның ордасы тігілген Мыңбұлаққа дейін қуып келді. Ашына Ми Шэ де Іле өзеніне ат басын тіреді. Чоңұт (处月), Чұмыл (处密) сияқты ұлыстар тайлы-таяғымен келіп тізе бүкті. Ашына Мишэ одан ары ілгерілеп Екіөгізге жетті, Ашына Қара Бушер тарқанға бытыраған жасағын жиып, қамал құрып, қарсы шайқас жасау туралы әмір берді. Мишэ мен Бүтін де шабуылдап, оларды қатты шығынға ұшыратты әрі Қараға Сұяб өзенінің бойында Су Динфанмен тізе қоса шабуыл жасап, оны да ойсырата жеңді. Паналау мақсатымен Қара Терғұн Шөнеу шатқа бұрылды. Олар ашығып және ат-көліктері болдырып, Шаш елінің (石国) Сұдыр қамалына әрең жетті. Қамал басы Інет тарқан алдарынан азық-түлік, арақ-шарап алып шығып, өтірік күткен болды. Олардың сөзіне сеніп қамалға кірген Қараны қамап тастады. Сяо Сы-ие Шашқа келгенде, Шөнеу шат Қараны оларға тапсырып берді»¹¹[卷194-2]. «Таң кітабындағы» бұл дерек Күлтегін ескерткішіндегі түріктен шыққан, бірақ Таң империясы үшін қызмет еткен, «ісін, күшін берген» кейбір төрелердің өз елін, төрін басқаларға жаулап алып бергені туралы деректі бірме бір дәлелдейді. Жоғарыдағы деректе олардың бірнешеуінің аты аталады. Олар Ханғай тұтығы оғыз Боран, Ашына Мише, Ашына Бүтін, Інет тарқан, Шөнеу шат. Түркі қағанатының алмағайып тарихында өз еліне, халқына қарсы шығып, Таң патшалығына

¹⁰ Мохэ (靺鞨-Моһу) елі Күлтегін ескерткішіндегі шығыстағы Бөклі шөлі елі. Мохэ (Бөклі) алғашында этнос ретінде белгілі. Олар Қырғыз шығыстағы Амур, Сунхуацзян өзендері мен Чанбай-шань таулы аймағында өмір сүрген. Жеті үлкен тайпадан тұрады. Олар кейінгі жүржіттердің (女真) ата-бабасы (中国历史大辞典. 下. 上海辞书出版社, 2000. 3108 б.).

¹¹ КТКІ唐书, 194 бума-2, 144 баян-2, Түрік-2.

сатылған түркі төрелерінің басы да, аяғы да бұл емес. Оларды бүкіл түркі тарихының өн бойынан табуға болады. Бұдан Батыс Түркі қағанатының жойылуында Су Динфанның түркі төрелерін бірін біріне қарсы қалай ұтымды пайдаланғанын және Таң қосындарының негізі түркі, оғыз қолы екенін көруге болады. Егер олар болмағанда Су Динфанның қыстың кезінде Алтай тауын айналып, Жетісуға, Шу мен Таластың бойына дейін жорық жасауы, ең соңында Қараны Шаш өлкесінде қолға түсіруі мүмкін емес болатын.

8) 8-9 жолдар: *Türük qara qamyu bodun anča timis. «ellig bodun ertim. elim amty qany? Kimke elig qazyanur men», -tir ermis. «Qaγanlyu bodun ertim. Qaγanum qany? Ne qaγanqa isig küčig berürmin», -ter ermis* (Түріктің күллі қара халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді қайда? Кімге елдік құраймыз?»)-десті. «Қағанды халық едім, Қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымызды береміз?»)-десті). Бұл жолдар Түркі қағанаты жойылса да, оның халқы құлдықты, бодандықты қаламағаны, өз мемлекеті, өз қағаны болған күндерді еске алып, тәуелсіздікті аңсағаны туралы мәлімет береді. Бұл дерек түркі халқы мен оның қағандарының Таң дәуірінің жазбаларында жазылып, кейінгі қытай тарихшылары айтып жүргендей, бодандыққа қандайда бір «ұлы, мейірімді көктің ұлының шапағатына кенелу үшін» «өз еркімен» барғанын жоққа шығарады. Мұнда түркі халқының мемлекеттілігі туралы да сөз болып тұр: «*Ellig bodun ertim. elim amty qany?*», «*Qaγanlyu bodun ertim. Qaγanum qany?*» деген сөйлемдер түріктердің елді (мемлекетті) халық болғанын, ел басқарар өз қағаны бар халық болғанын және оның ешкімнен тәуелсіз болғанын тайға таңба басқандай айқындап тұр.

9) 9-10 жолдар: *Anča tip tabyač qaγanqa žayy bolmys. Žayy bolup itinü žaratunu umaduq žana içikmis. Bunča isig küčig bertükgerü saqynmaty «türük bodun ölürejin, uruysyratajyn», -ter ermis. Žoq ydu baryr ermis.* (Осылай деп Табғач қағанға жау болды. Жау болып, қарсы тұрып, әрекет етіп, құлады. [Табғачқа] қайта бағынды. Бүйітіп күш-қуатын бергілері келмеді. (Бүйткенше) «Түрік халқы» қырылайық, ұрпақсыз қалайық», - десті. [Түрік халқы] жойылып бара жатты). Бұл жерде шығыс түріктерінің Таң бодандығына қарсы бірнеше рет көтеріліс жасап сәтсіздікке ұшырағаны, сон да да райынан қайтпай тәуелсіздік жолындағы күресті жалғастыра беруге бел байлағаны туралы айтылып отыр. Түріктердің Таң үстемдігіне қарсы бірнеше мәрте көтеріліс жасап сәтсіздікке ұшырағанын қытай деректері де растайды. Мұндай көтерілістердің ең алғашқысы 648-650 жылдардағы Ашына Қабының (车鼻) көтерілісі. Ол Алтай тауының теріскейінде ордасын тігіп, терістіктегі ұлыстарды біріктіріп, Тан империясына бағынбай түріктердің тай қағаны (бас қағаны) болмақ болды. Ол сыр-ендалықтар(薛延陀) өздеріне қаған етпек болғанда, ол ұсыныстан бас тартып, Сыр-енда қағанының қол астына кірім болып кіреді. Кейін сыр-ендалықтар оның ержүрек, айлакерлігін көре алмай оның көзін жоймақ болған кезде, Алтай тауындағы ата мекеніне қайтып кетеді. Оның ордасы чан-аньнан 10 мыңли қашықтықта еді. Ол батыста қарлұқтарды(葛罗祿), солтүстікте керғуларды (结骨) өзіне бағындырып ықпал күшін арттыра бастады. Сыр-ендалар жойылған соң, Қабының солтүстіктегі бірден бір құдіретті билікке айналып кетуінен алаңдаған Таң ордасы 650 жылы оны жазалауға Гао Кан(高侃) бастаған жорықшы қол жөнелтеді. Сол соғыста Қабы жеңіліп, қолға түседі және Чан-аньға сүргінделеді¹² [194 卷-1, 144 传-16 突厥-1]. Екінші мәрте, 679 жылы солтүстіктегі Тәңірқұт басқақтығының ұлысбасылары Ашына Үнбі(阿史那温傅), Моншақ(奉职) бастаған екі ұлыс ел көтеріліс жасап, Ашына Низек(阿史那泥孰) бекті өздеріне қаған деп жариялайды. Бұған ғұндарға қарасты 24 тайпа түгел үн қосады. Осы жолғы көтерілістің қалай жанышталғаны туралы «Таң кітабы» былай дейді: «Таң Гаоцзун мәмлегер уәзір Сяо Сы-ие, оң қол қылышкер санғұн Ли Цзинцзяларды(李景嘉) жазалау жорығына аттандырды. Олар Үнбіден жеңіліп, он неше мың әскерінен айырылды. Содан кейін, жөрелгі бөлім санаты Пэй Синцзянды Динсян бағытының аға жорық төбенайы етіп тағайындау жөнінде жарлық шығарды. Ол көлік кіші уәзірі Ли Сывэн, Инчжоу тұтығы Чжоу Да-улардың 300 мыңнан астам қолын бастап, Үнбіге тұтқиыл шабуыл жасап, оны ойсырата жеңді. Низек бекті оның қоластындағылары

өлтіріп, жорықшы қол Моншақты тұтқын етіп қайтты»¹² [194卷-1, 144 传-16 突厥-1].
Үшінші мәрте, 680 жылы түріктер Шығыс Түрік қағанатының табғаштарға қолға түскен қағаны Іліктің немере ағасының ұлы Ашына Бөнемді (伏念) Сячжоу дуанынан алдырып, Сары өзеннен өтісімен оны қаған деп жариялайды. Барлық ұлыстар оған үн қосып, қолдау білдіреді. Бұл жолы да Таң ордасы көтерілісшілерді жазалау үшін Пэй Синцзян бастаған ауыр қол жөнелтеді. Бөнем қыспақта қалғандықтан, амалсыздан Таң патшалығына тізе бүгеді. Пэй Синцзян Бөнемді тұтқындап астанаға жеткізеді және оның басы алынады¹² [194卷-1, 144 传-16 突厥-1]. Бұл үш ірі көтеріліс Таң патшалығының тарихына нақты жазылған. Күлтегін ескерткішіндегі «*Anča tip tabγač qaγanqa žaγu bolmys. Žaγu bolup itinü žaratunı umadıq žana ičikmis* (Осылай деп Табғач қағанға жау болды. Жау болып, қарсы тұрып, әрекет етіп, құлады. [Табғачқа] қайта бағынды)» деген жолдар арқылы Білге қаған өздерінен бұрынғылардың осы жанқиярлық әрекеттерін тілге тиек етеді. Осы көтерілістердің бәрін мәңгітасқа сыйдырып бір-бірден жазып жату мүмкін болмағандықтан, оның жалпы болғаны туралы ғана қысқаша ақпарат беріп өтеді. Одан ары «*Bunča isig küčig bertükgerü saqynmaty «türük bodun ölürejin, uruysyratajyn», -ter ermis. Žoq ydu baryr ermis* (Бүймін күш-қуатын бергілері келмеді. (Бүйткенше) Түрік халқы қырылайық, ұрпақсыз қалайық деді)» деген сөздерді жаздыру арқылы, Білге қаған қанша рет көтеріліс жасап сәтсіздікке жолықса да түркі халқы еркіндіктен үмітін үзбеді, қайта сол еркіндік үшін басын бәйгеге тігуге, құрбан болуға дайын болды дегенді айтқысы келеді. Түріктер Таң бодандығынан құтылуды Шығыс қағанат құлай сала ойластырады. Олар ең әуелде өздерінің осы жағдайға түсулеріне бірден бір себепкер император Тан Тайцзун деп есептеп оның көзін жоюға қамданады. 639 жылы Ілік қағанның немере інісі Кезшуат (結社率) патша жасауылдарымен ілесіп Цзючэн шахналық рабатына келеді. Сол жерде өз ұлысына қарасты 40 неше адаммен астыртын сөз байласып, патша шатырына түн ішінде шабуыл жасайды. Олар төртінші күренге дейін шабуылдап, жебелерін қарша боратады. Ондаған күзетші өледі. Сол кезде тойтарыс жасауылы Сун У-кай (孫武開) қол бастап қарсы соғысып, оларды шегіндіреді. Олар солтүстікті бетке алып, Вэйшуй (Төгіл) өзенінен өтіп өз ұлысы жаққа қашып кетпек болады. Бірақ көп ұзамай барлығы да қолға түсіп өлтіріледі¹³ (通典).

Қорытып айтқанда, Күлтегін ескерткішінің Батыс бетінің жоғарыда біз талдап өткен 1-10 жолдары Түркі қағанатының пайда болуы мен дамуы, ішкі-сыртқы жаулардың әсерімен бөлініп, Таң империясының отарына айналуы, осы кездегі түркі халқының мұң-зары мен өкініші, тәуелсіздік үшін өмір мен өлімнің біреуін тандап, қайтадан қайратқа келгені туралы баяндалады. Онда ең алдымен Жер мен Көк жаралғалы бері түркілердің ата-бабалары Бумын, Істеми қағандардың бүкіл «адам баласына» (адамзатқа) үстемдік еткені, сол арқылы, түрік халқына, еліне, төріне (билігі) тұтқа болып, оның мемлекеттілігін қалыптастырғаны сөз болады. Одан соң, Түркі қағанатын баянды ету, оны күшейту жолындағы жапалы күрестері, шығыста Қыдырхан тауларынан батыста Темірқапыққа дейінгі жерлерге иелік еткені тілге тиек етіледі. Осы жолда маңдай терін, қасық қанын аямаған мемлекетшіл тұлғалардың аруағына мадақ айтылады. Олардың істеген істері мен абырой беделіне, мемлекеттік биліктің беріктігі мен ел басқарған қағандар мен бұйрықтардың, бектердің береке-бірлігіне тоқталады. Бірақ кейін келе «Табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектер мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылғанын» жазады. Бұл тарихта қытай деректерінен мәлім 630 жылғы Шығыс Түркі қағанатының, 657 жылғы Батыс Түркі қағанатының жойылып, тұтас Түркі жұртының Қытайдың Таң патшалығының боданына түсуі болатын. Осыдан кейінгі 50 жыл, яғни, 680 жылға дейінгі 50 жыл түркі халқының Табғаш (Таң) отаршылдығында өмір сүрген 50 жыл еді. Бұл жағдай мәтіннің 7-8 жолдарында: «Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынды. Табғач қағанға бағынды.

12 КТК旧唐书, 194 бума-1, 144 баян-1, Түрік-1.

13 Жалпы жарғы (ЖЖ—通典). 197 бума, шекара қорғанысы-13, теріскей тиек-4, түрік-1.

Елу жыл ісін-күшін берді», - делінеді.

Мәтіннің 8-жолының екінші жартысында Таң империясының кеңейіп, уақытша басып алған жерлері туралы айтылады. Яғни, «(олар) ілгері күншығыста Бөклі қағанға дейін жаулады. Кері Темір қақпаға дейін жаулады. Табғач қағанға (басқаның) елін, төрін (билігін-үкіметін) алып берді», - делінеді. Мәтіндегі Таң империясының басып алған жерлері (батыста Темір қақпаға, шығыста Бөклі қағанға) туралы бұл мәліметтер Таң дәуірінің деректерімен толықтай сәйкес келеді. Бұл басқыншылық жорықтарында Таң империясы бұған дейін өзіне қаратқан Шығыс түріктердің қосынын пайдаланған. 9-10 жолдарда бодандық кепте қалған түркі халқының мұң-зары, ел-жұртын, бостандығын аңсауы, қайтадан қайратқа келгені, «бүйітіп күш-қуатын бергілері келмегені, (бүйткенше) «Түрік халқы» қырылайық, ұрпақсыз қалайық» деп өз тәуелсіздігін қайтару үшін бір бекімге келгені айтылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon «Memoires de la Societe Finno- Ougrienne» V. - Helsinki: Helsingfors, 1896.-240 p.
2. Radloff W. Die altturkischen Inschriften der Mongolei. – St.Peterbourg: Eggers, 1894. –1096p.
3. Orhun H.N. Eski türk yazitlari. – Istanbul: Simurg, 1986. -128p.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности (тексты и исследование). – М.-Л., 1951. –451 с.
5. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. II т. – Алматы: 2012.-323с.
6. Radloff W. Diedenkmäler von Koscho-Zeidam.- ATIM: Lfg 2, 1894.- 1-205p.
7. Radloff W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. –ATIM: St. Petersburg N.F. Spb., 1897.
8. Atalay Besim. Divani lugat-it-Türk tercemesi.t. I.II.III.IV. Ankara, 1985-1986.
9. Tekin T.A. Grammar of Orkhon turks. Bloomington: Indiana University; The Hague: Mouton and Co.,1969.
10. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. – 170 б.
11. Наделяев В. М., и др. Древнетюркский словарь. - Ленинград: Наука, 1969.-677с.
12. Севортян Э.Ю. Этимологический словарь тюркских языков. - М.: Наука, 1974.-768с.
13. Ван Чжилай王治来. Орта Азия тарихы中亚通史. 古代卷(上), 乌鲁木齐–Үрімжі: 2004. –371б.
14. Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме// СТОЭ. –1897. -Т.4. № 4. –С.1-65.
15. Кашғари М. Девону луғот-ит турк. Ауд. С.М. Муталибов. Ташкент. 1960-1967. Т. I, II, III, IV.
16. Rahmeti A.R. Qutadgu bilig.- Istanbul: Türk Dil Kurumu Yayınları,1991.
17. Шаванн Э. 沙畹. Батыс Түрік тарихына қатысты деректер冯承钧译. 西突厥史料. 中华书局. –Пекин: 1958. –310 б.
18. Линь Гань林幹. Түркі және ұйғыр тарихына байланысты ғылыми мақалалардан таңдамалылар 古突厥與回紇歷史論文選集. – Пекин: 1987. – 582-594с.
19. Thomsen V. Alttürkische Inschriften aus der Mongolei in Übersetzung und mit Einleitung, in: Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, 78, Neue Folge 3, 1924, S. 160-175.

Т.З. Кайыркен

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Взаимное дополнение китайских источников и древнетюркских текстов

Аннотация. В статье дается анализ с 1-ой по 10-ую строку рунического текста из памятника Кюль-тегин, а также рассматривается соответствие полученных данных с китайскими источниками, их достоверность и источниковедческая ценность.

Научно-исследовательский результат и точка зрения автора заключаются в том, что многие факторы, такие как создание Тюркского каганата, роль его первоначальных лидеров Бумына и Истеми, их могущество, завоевание тюрками огромной территории от горы Хинган до Темир-капыка, вмешательство Танской династии во внутренние дела тюрков, в результате чего произошло ослабление каганата и в конечном итоге попадание под влияние Танской империи, подданство тюрков в течение 50 лет - все эти события полностью совпадают с данными из «Цзю Таншу» и «Син Таншу».

Кроме того, в рассмотренной части памятника Кюль-тегин встречаются уникальные данные о традиции государственности и мировоззрении древних тюрков, не зафиксированные в китайских источниках.

Ключевые слова: памятник Кюль-тегин, рунические надписи, западная сторона надписи, китайские источники, достоверность источника, источниковедческо-историографический анализ.

T.Z. Kaiyrken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Mutual complementarity of Chinese sources and ancient Turkic texts

Abstract. The article analyzes from the 1st to the 10th line of runic text of the Kultegin monument and examines the adequacy of the obtained data with the Chinese sources, its reliability, and its value from the perspective of source study.

The scientific result and the author's point of view is that many of the data, such as the creation of the Türkic Kaganate, its original leaders Bumyn and Istemi, their power, the conquest by the Turks of a vast territory from Mount Khingan (Da Xing'anling) to Temir Kapyk, the interference of the Tang dynasty in internal affairs of the Turks, as a result, the weakening of the Kaganate, and eventually the fall under the influence of the Tang Empire, the Turkic citizenship for 50 years, all these events fully coincide with the data of "Jiu Tangshu" and "Xin Tangshu."

Moreover, in the examined part of the Kultegin monument, unique data on the tradition of statehood and the world view of the ancient Turks appear which are not found in Chinese sources.

Key words: Kultegin monument, runic inscriptions, western side of the inscription, Chinese sources, source reliability, source-historico-graphic analysis.

References

1. Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon «Memoires de la Societe Finno-Ougrienne». V. (Helsingfors, Helsinki, 1896).
2. Radloff W. Die altturkischen Inschriften der Mongolei [The ancient Turkic inscriptions of Mongolia] (Eggers, St. Peterbourg, 1894)
3. Orhun H.N. Eski türk yazitlari [Old Turkish Writers]. (Simurg, Istanbul, 1986)
4. Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoï pismennosti (teksti i issledovanie) [Monuments of ancient Turkic writing (texts and research)] (M-L., 1951)
5. Sartkozhauly Q. Orkhon muralary [Legacies of Orkhon]. II t. (Almaty, 2012)
6. Radloff W. Diedenkmäler von Koscho-Zeidam [Died monuments of Koscho-Zeidam] (ATIM, Lfg 2, 1894)
7. Radloff W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei [The ancient Turkish inscriptions of Mongolia] (ATIM. St. Petersburg N.F. Spb., 1897).
8. Atalay Besim. Divani lugat-it-Türk tercemesi. t. I.II.III.IV. Ankara, 1985-1986.
9. Tekin T.A. Grammar of Orkhon turks. (Indiana University; The Hague: Mouton and Co. Bloomington, 1969).

10. Aidarov G. Kultegin eskertkishi [Monument of Kultegin] (Ana tili, Almaty, 1995)
11. Drevnetyurkskiy slovar [Ancient Turkic dictionary]. (Science, Leningrad, 1969)
12. Sevortyan E.Yu. Etimologicheskii slovar tyurkskikh yazikov [Etymological dictionary of Turkic languages]. (Science, Moscow, 1974)
13. Wang Zhilai王治来.中亚通史. 古代卷(上) [The History of Central Asia].乌鲁木齐 (Urumqi, 2004).
14. Radlov V.V., Melioranskiy P.M. drevnetyurkskie pamyatniki v Kosho-Caidame [Ancient Turkic Monuments in Kosho-Caidam],STOE, 4,4, 1-65(1897).
15. Kashgari M. Devonu lugot-it turk. Aud. S.M. Mutalibov. Tashkent. 1960-1967. T. I, II, III, IV.
16. Rahmeti A.R. Qutadgu bilig. (Türk Dil Kurumu Yayınları,Istanbul,1991)
17. Shavann E.沙畹. Batys Turik tarihina qatysty derekter [Materials on the History of West Turk] 冯承钧译. 西突厥史料. 中华书局. (Beijing, 1958)
18. Lin Gan林幹. Turki zhane uygir tarikhina bailanysty maqalalardan tangdamalilar [Compilation of the articles on the History of Turks and Uygur] 古突厥與回紇歷史論文選集. (Pekin, 1987)
19. Thomsen V. Alttürkische Inschriften aus der Mongolei in Übersetzung und mit Einleitung, in: Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft [Old Turkish inscriptions from Mongolia in translation and with introduction, in: Journal of the German Oriental Society], 78, Neue Folge 3, 1924, S. 160-175.

Автор туралы мәліметтер:

Қайыркен Т.З. - тарих ғылымдарының докторы, шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Сәтбаев көшесі 2. Астана, Қазақстан.

Кайыркен Т.З. – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Oriental studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street 2, Astana, Kazakhstan.

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы»
журналында мақала жариялау ережесі**

1. Журнал мақсаты. Саяси ғылымдар, аймақтану, шығыстану, түркітану салалары бойынша мұқият тексеруден өткен ғылыми құндылығы бар мақалалар жариялау.

2. Журналда мақала жариялаушы автор мақаланың қол қойылған бір дана қағаз нұсқасын Ғылыми басылымдар бөліміне (редакцияға, мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Бас ғимарат, 349 кабинет) және vest_polit@enu.kz электрондық поштасына Word форматындағы нұсқаларын жіберу қажет. Мақала мәтінінің қағаз нұсқасы мен электронды нұсқалары бірдей болулары қажет.

Мақалалар *қазақ, орыс, ағылшын, араб, түрік* тілдерінде қабылданады.

3. Автордың қолжазбаны редакцияға жіберуі мақаланың Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысында басуға келісімін, шетел тіліне аударылып қайта басылуына келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы автор туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің жоқтығына кепілдеме береді. Сонымен қатар мақала мәтінін плагиат жүйесінде тексеруге келісімін білдіреді.

4. Мақаланың көлемі 18 беттен аспауға тиіс (6 беттен бастап).

Мақаланың құрылымы

5. XFTAP <http://grnti.ru/> - *бірінші жолдың сол жақтауында;*

Автор(лар)дың аты-жөні – жолдың ортасында;

Мекеменің толық атауы, қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі мекемеде жұмыс жасайтын болса, онда әр автор мен оның жұмыс мекемесі қасында бірдей белгі қойылу керек) – жолдың ортасында;

Автор(лар)дың E-mail-ы – жақша ішінде, курсивпен, жолдың ортасында;

Мақала атауы – жолдың ортасында;

Аннотация (100-200 сөз; мақаланың атауын мейлінше қайталамауы қажет; әдебиеттерге сілтемелер болмауы қажет; мақаланың құрылысын (кіріспе, мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды) сақтай отырып, мақаланың қысқаша мазмұны берілуі қажет).

Түйін сөздер (6-8 сөз не сөз тіркесі). Түйін сөздер мақала мазмұнын көрсетіп, мейлінше мақала атауы мен аннотациядағы сөздерді қайталамай, мақала мазмұнындағы сөздерді қолдану қажет. Сонымен қатар, ақпараттық-іздістіру жүйелерінде мақаланы жеңіл табуға мүмкіндік беретін ғылым салаларының терминдерін қолдану қажет.

Негізгі мәтін мақаланың мақсаты, міндеттері, қарастырылып отырған сұрақтың тарихы, зерттеу әдістері, нәтижелер/талқылау, қорытынды бөлімдерін қамтуы қажет – *жоларалық интервал - 1, азат жол «қызыл жолдан» - 1,25см, беттеу жолағы – еніне сай жасалады.*

Таблица, суреттер – аталғаннан кейін орналастырылады. Әр таблица, сурет қасында оның аталуы болу қажет. Сурет айқын, сканерден өтпеген болуы керек.

Жалпы қолданыста бар аббревиатуралар мен қысқартулардан басқалары міндетті түрде алғаш қолданғанда түсіндірілуі берілуі қажет.

Қаржылай көмек туралы ақпарат бірінші бетте көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі. Мәтінде әдібиеттерге сілтемелер тікжақшаға алынады. Мәтіндегі әдебиеттер тізіміне сілтемелердің номерленуі мәтінде қолданылуына қатысты жүргізіліде: мәтінде кездескен әдебиетке алғашқы сілтеме [1] арқылы, екінші сілтеме [2] арқылы т.с.с. жүргізіледі. Кітапқа жасалатын сілтемелерде қолданылған беттері де көрсетілуі керек (мысалы, [1, 45 бет]). Жарияланбаған еңбектерге сілтемелер жасалмайды. Сонымен

қатар, рецензиядан өтпейтін басылымдарға да сілтемелер жасалмайды (әдебиеттер тізімін, әдебиеттер тізімінің ағылшынша әзірлеу үлгілерін журнал bulpolit.enu.kz сайтындағы **мақаланы рәсімдеу үлгісінен қараңыз**).

6. Мақала соңындағы әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтер орыс және ағылшын тілінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылған болса), орыс және ағылшын тілінде (егер мақала түрік немесе араб тілінде жазылса) беріледі.

Авторлар туралы мәлімет: автордың аты-жөні, ғылыми атағы, қызметі, жұмыс орны, жұмыс орнының мекен-жайы, телефон, e-mail – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толтырылады.

7. Қолжазба мұқият тексерілген болуы қажет. Техникалық талаптарға сай келмеген қолжазбалар қайта өңдеуге қайтарылады. Қолжазбаның қайтарылуы оның журналда басылуына жіберілуін білдірмейді.

Редакцияға түскен мақала жабық (анонимді) тексеруге жіберіледі. Барлық рецензиялар авторларға жіберіледі. Автор (рецензент мақаланы түзетуге ұсыныс берген жағдайда) өңдеп қайта, қолжазбаның түзетілген нұсқасын редакцияға қайта жіберуі қажет. Рецензент жарамсыз деп таныған мақала қайтара қарастырылмайды. Мақаланың түзетілген нұсқасы мен автордың рецензентке жауабы редакцияға жіберіледі.

Пікірі мақұлданған мақалаларды редколлегия алқасына талқылап, басуға келіседі.

8. Төлемақы. Басылымға рұқсат етілген мақала авторларына төлем жасау туралы ескертіледі. Төлем көлемі 2018 жылы 4500 тенге – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қызметкерлері үшін және 5500 тенге басқа ұйым қызметкерлеріне.

Рекзивизиттер:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»

БИК Банка: KСJBKZKX

ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)

Кнп 861

Кбе 16

«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»

БИК Банка: KINCKZKA

ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Forte»

БИК Банка: IRTYKZKA

ИИК: KZ599650000040502847 (KZT)

Provision on Articles submitted to the Journal
“Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional studies. Oriental studies. Turkology Series”

1. Purpose of the journal. Publication of carefully selected original scientific works and book reviews in the fields of political science, regional studies, oriental studies, turkology.

2. An author who wishes to publish an article in a journal must submit the article in hard copy (printed version) in one copy, signed by the author to the scientific publication office (at the address: 010008, Republic of Kazakhstan, Astana, Satpayev St., 2. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Main Building, room 349) and by e-mail vest_polit@enu.kz in Word format. At the same time, the correspondence between Word-version and the hard copy must be strictly maintained.

Language of publications: *Kazakh, Russian, English, Turkish, Arabic.*

3. Submission of articles to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish articles in the journal and the re-publication of it in any foreign language. Submitting the text of the work for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about himself, the lack of plagiarism and other forms of improper borrowing in the article, the proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, illustrations and also he/she agrees to check the uniqueness of the article text.

4. The volume of the article should not exceed 18 pages (from 6 pages).

5. Structure of the article (page – A4 format, portrait orientation, page margins on all sides - 20 mm. Font: type - Times New Roman, font size - 14)

IRSTI <http://grnti.ru/> - *first line, left*

Initials and Surname of the author (s) - *center alignment, italics*

Full name of the organization, city, country (if the authors work in different organizations, you need to put the same icon next to the name of the author and the corresponding organization) - *center alignment, italics*

Author's e-mail (s)- *in brackets, italics*

Article title - *center alignment, bold*

Abstract (100-200 words, it should not contain a formula, the article title should not repeat in the content, it should not contain bibliographic references, it should reflect the summary of the article, preserving the structure of the article - introduction, problem statement, goals, history, research methods, results /discussion, conclusion).

Key words (6-8 words/word combination. Keywords should reflect the main content of the article, use terms from the article, as well as terms that define the subject area and include other important concepts that make it easier and more convenient to find the article using the information retrieval system).

The main text of the article should contain an introduction, problem statement, goals, history, research methods, results / discussion, conclusion - *line spacing - 1, indent of the “red line” -1.25 cm, alignment in width.*

Tables, figures should be placed after the mention. Each illustration should be followed by an inscription. Figures should be clear, clean, not scanned.

All **abbreviations**, with the exception of those known to be generally known, must be deciphered when first used in the text.

Information on **the financial support** of the article is indicated on the first page in the form of a footnote.

References

In the text references are indicated in square brackets. References should be numbered strictly in the order of the mention in the text. The first reference in the text to the literature should have the number [1], the second - [2], etc. The reference to the book in the main text of the article should be accompanied by an indication of the pages used (for example, [1, 45 p.]). References to unpublished works are not allowed. Unreasonable references to unreviewed publications (examples of the description of the list of literature, descriptions of the list of literature in English, see on the journal web-site bulpolit.enu.kz).

At the end of the article, after the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data in Russian and English (if the article is in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is in Russian) and in Russian and Kazakh languages (if the article is English language), in Russian and English (if the article is in Turkish or Arabic language).

Information about authors: surname, name, patronymic, scientific degree, position, place of work, full work address, telephone, e-mail - in Kazakh, Russian and English.

6. The article must be carefully verified. Articles that do not meet technical requirements will be returned for revision. Returning for revision does not mean that the article has been accepted for publication.

7. Work with electronic proofreading. Articles received by the Department of Scientific Publications (editorial office) are sent to anonymous review. All reviews of the article are sent to the author. The authors must send the proof of the article within three days. Articles that receive a negative review for a second review are not accepted. Corrected versions of articles and the author's response to the reviewer are sent to the editorial office. Articles that have positive reviews are submitted to the editorial boards of the journal for discussion and approval for publication.

Periodicity of the journal: 4 times a year.

8. Payment. Authors who have received a positive conclusion for publication should make payment on the following requisites (for ENU employees - 4,500 tenge, for outside organizations - 5,500 tenge):

Requisites:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК Банка: KСJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)
Кнп 861
Кбе 16
«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)

«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Forte»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847 (KZT)

**Положение о рукописях, представляемых в журнал «Вестник Евразийского
национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Политические науки.
Регионоведение. Востоковедение. Тюркология»**

1. **Цель журнала.** Публикация тщательно отобранных оригинальных научных работ и обзоров книг по направлениям политические науки, международные отношения, востоковедение, регионоведение, тюркология.

2. Автору, желающему опубликовать статью в журнале необходимо представить рукопись в твердой копии (распечатанном варианте) в одном экземпляре, подписанном автором в Отдел научных изданий (по адресу: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Учебно-административный корпус, каб. 349) и по e-mail vest_polit@enu.kz. При этом должно быть строго выдержано соответствие между Word-файлом и твердой копией.

Язык публикаций: казахский, русский, английский, турецкий, арабский.

3. Отправление статей в редакцию означает согласие авторов на право Издателя, Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, издания статей в журнале и переиздания их на любом иностранном языке. Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций, а также дает согласие на проверку уникальности текста статьи.

4. Объем статьи не должен превышать 18 страниц (от 6 страниц).

5. **Схема построения статьи** (страница – А4, книжная ориентация, поля со всех сторон – 20 мм. Шрифт: тип – Times New Roman, размер (кегель) - 14):

МРНТИ <http://grnti.ru/> - первая строка, слева

Инициалы и Фамилию автора(ов)- выравнивание по центру, курсив

Полное наименование организации, город, страна (если авторы работают в разных организациях, необходимо поставить одинаковый значок около фамилии автора и соответствующей организации)

Е-mail автора(ов) – в скобках курсив

Название статьи – выравнивание по центру полужирным шрифтом

Аннотация (100-200 слов; не должна содержать формулы, по содержанию повторять название статьи; не должна содержать библиографические ссылки; должна отражать краткое содержание статьи, сохраняя структуру статьи – введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы).

Ключевые слова (6-8 слов/словосочетаний).

Ключевые слова должны отражать основное содержание статьи, использовать термины из текста статьи, а также термины, определяющие предметную область и включающие другие важные понятия, позволяющие облегчить и расширить возможности нахождения статьи средствами информационно-поисковой системы).

Основной текст статьи должен содержать введение, постановка задачи, цели, история, методы исследования, результаты/обсуждение, заключение/выводы – *межстрочный интервал – 1, отступ «красной строки» -1,25 см, выравнивание по ширине.*

Таблицы, рисунки необходимо располагать после упоминания. С каждой иллюстрацией должна следовать надпись. Рисунки должны быть четкими, чистыми, несканированными.

Все **аббревиатуры и сокращения**, за исключением заведомо общеизвестных, должны быть расшифрованы при первом употреблении в тексте.

Сведения о финансовой поддержке работы указываются на первой странице в виде сноски.

Список литературы. В тексте ссылки обозначаются в квадратных скобках. Ссылки должны быть пронумерованы строго по порядку упоминания в тексте. Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая - [2] и т.д. Ссылка на книгу в основном тексте статьи должна сопровождаться указанием использованных страниц (например, [1, 45 стр.]). Ссылки на неопубликованные работы не допускаются. Нежелательны ссылки на нерецензируемые издания (примеры описания списка литературы, описания списка литературы на английском языке см. на сайте журнала bulpolit.enu.kz в образце оформления статьи).

В конце статьи, после списка литературы, необходимо указать библиографические данные на русском и английском языках (если статья оформлена на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья оформлена на русском языке), на русском и казахском языках (если статья оформлена на английском языке), на русском и английском (если статья оформлена на турецком или арабском языках).

Сведения об авторах: фамилия, имя, отчество, научная степень, должность, место работы, полный служебный адрес, телефон, e-mail – на казахском, русском и английском языках.

6. Рукопись должна быть тщательно выверена. Рукописи, не соответствующие техническим требованиям, будут возвращены на доработку. Возвращение на доработку не означает, что рукопись принята к опубликованию.

7. **Работа с электронной корректурой.** Статьи, поступившие в Отдел научных изданий (редакция), отправляются на анонимное рецензирование. Все рецензии по статье отправляются автору. Статьи, получившие отрицательную рецензию к повторному рассмотрению не принимаются. Исправленные варианты статей и ответ автора рецензенту присылаются в редакцию. Статьи, имеющие положительные рецензии, представляются редколлегии журнала для обсуждения и утверждения для публикации.

Периодичность журнала: 4 раза в год.

8. **Оплата.** Авторам, получившим положительное заключение к опубликованию необходимо произвести оплату по следующим реквизитам (для сотрудников ЕНУ им. Л.Н. Гумилева – 4500 тенге, для сторонних организаций – 5500 тенге):

Реквизиты:

1) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Банк ЦентрКредит»
БИК Банка: KСJBKZKX
ИИК: KZ978562203105747338 (KZT)
Кнп 861
Кбе 16
«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

2) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Bank RBK»
БИК Банка: KINCKZKA
ИИК: KZ498210439858161073 (KZT)
«За публикацию в Вестник ЕНУ ФИО автора»

3) РГП ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева МОН РК
АО «Forte»
БИК Банка: IRTYKZKA
ИИК: KZ599650000040502847 (KZT)

Редактор:	Р.А. Нуртазина
Шығарушы редактор:	Е.А. Изтелеуова
Дизайн:	Е.А. Изтелеуова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы.
-2019. - 1(126). - Астана: ЕҰУ. 115-б.
Шартты б.т. -25,75 Таралымы - 35 дана

Мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекен-жайы: 010008, Нұр-Сұлтан қ.,
Сатпаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: (87172) 709-500 (ішкі 31-434)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды